

## **КІРІСПЕ**

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Еліміздің экономикалық, әлеуметтік – мәдени саласы өскен сайын, қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру саласы да өзгеріп жанару үстінде. Бұрынғы кенестік дәуірде туып – өскен адамдардың түсіне кірмеген ақылы оқу жүйесі пайда болып, мемлекеттік және мемлекеттік емес білім ордалары қатар дамып, өсіп өркендеу үстінде. Олардың барлығы да қоғамның сұранысына сай ақыл-ойы кемелденген іскер де білімді шәкірттер даярлап шығаруға ат салысады. Осы орайда білім ордасының табалдырығын жаңа ғана аттаған жас бүлдіршіндердің дүние танымын қалыптастыру, жеке тұлға ретінде қасиеттерін шындап тәрбиелеу барысында бастауыш білім сатысының орны ерекше екенін айтпасақ та белгілі. Дегенмен, бүгінгі дәстүрлі білім жүйесі өзінің айтарлықтай нәтижелілігіне қарамастан, қоғамның өте жылдам, тез қарқынмен өзгеріп жатқан үрдістерінің аясында дағдарысқа ұшырап қалатыны да рас. Бұрынғы қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтар оқытудың негізгі мәні адам тәрбиесі, жеке тұлғаның қалыптасуы екеніне жеке көңіл бөлмегенін де енді аңғарып отырмыз. Себебі дәл қазіргі уақыт, ең алдымен адамның ақыл-ойы мен қабілетіне қойылар талапты өте күшейтіп жіберді. Білім таяз адамдар бұдан былай өмір ағымына ілесе алмайтын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Ендеше бұдан шығатын қорытынды: мектепте оқушының жеке тұлға ретінде дамуы мен тәрбиеленуіне тікелей ықпалы тиетін жаңаша көзқарастарды батыл енгізу қажет. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқын көрсеткен: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау».

### **Бастауыш сынып оқушыларының үлгермеушілік мәселелерінің зерттелу жайы.**

Оқушылардың үлгермеушілігі – бұл оқушылардың оқу бағдарламасы мен оқу стандартында қарастырылған білім мазмұнын игеруде артта қалуы.

Үлгермеушілік - оқушылардың білім мазмұнын игеру деңгейінің оқу бағдарламасына көздеген деңгейімен салыстырғанда неғұрлым төмен болуы.

Үлгермеушілік бұл – білім мекемесіндегі оқыту нәтижесінің дидактикалық және тәрбиенің нормаларға сәйкес келмеуінен туындаған жағдай.

Үлгермеушілік одан әрі оқуға, оқытуға кедергі болады. Үлгермеушілікті қанағаттанғысыз бағалармен теңдестіруге болмайды.

Үлгермейтін оқушылар мектеп бағдарламасын нашар қабылдайды, сыныпта және үйдегі тапсырмаларды өздігінен орындай алмайды, сабаққа деген қызығушылығы болмайды. Дер кезеңіндегі берілмеген көмек баланың жеке тұлғасындағы өзгерістерге әкеледі. Оқушыларда мұғалімге деген, оқуға деген кері әсер туындайды. Соның салдарынан олардың тәртібі нашарлап,

сыныпқа кері әсерін тигізіп, ақыр аяғы мектепті тастап, былайша айтқанда қиын жастардың қатарын толтырады.

Оқушылардың үлгермеушілігі ішкі және сыртқы күштердің әсерінен пайда болады, отбасының әлеуметтік-экономикалық материалдық жағдайының төмендігі, мұғалімдердің білім беру деңгейінің төмен болуы, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қателіктері, балаларға жеке тұлғалық қарым-қатынасының болмауы, оқу материалының тым көп болуы, тағы басқа факторлар. Әлеуметтік себептермен қатар анализаторлардың бұзылуында (естудің нашарлығы, көру, сөйлеу), тұқымқуалаушылық, туа біткен және жүре пайда болған аурулар, физикалық және ойлау қабілетінің дамуының бұзылуы оқушылардың үлгеріміне әсерін тигізеді.

Оқу үлгерімін жоғарлату үшін, оқытудың қойылған сәйкес мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін, жақсы нәтиже шығу үшін мұғалім қандай әрекет жасауы тиіс?

Ең алдымен оқушылардың үлгеріміне себеп болатын факт, себеп, шарттарды анықтап алып, оны шешудің жоғарлатудың және болдырмаудың, жоюдың әдістері мен формаларын мақсатты түрде іске асыру қажет.

Үлгермеушілікті болдырмау мәселесі бойынша көптеген әдебиеттерді шетелдердегідей біздің елімізде де кездестіруге болады. Ол әдебиеттерде нақты дәлелдемелерді қажет етпейтін бағалаудың тәжірибелік жалпы пікірлер жинақталған.

Мектеп оқушыларының сабақтағы үлгермеушілігі олардың жеке дара ерекшеліктеріне және даму жағдайларына байланысты болып келеді.

Осы мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы балаларды мектепте оқыту және тәрбиелеу.

Үлгермеушілікті зерттеу адам, тұлға, индивид туралы барлық ғылымдардағы әлеуметтік мәселелермен байланысты болып келеді.

Үлгермеушілік тек педагогикалық ғылыммен ғана шектелмейді, басқа да ғылымдармен зерттелу үстінде. Мысалы, дидактиканың басты міндеті – білім мазмұны және мақсаттарына байланысты үлгермеушіліктің пайда болу себептерін анықтау.

П.П.Блонский өзінің «Қиын оқушылар» атты еңбегінде үлгермейтін оқушылардың типтерін физикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты бөліп қарастырған. Блонский оқушылардың үлгермеушілігінде физикалық әлсіздікті бірінші орынға қойған еді.

## **1.2 Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгермеушілік себептері**

Мектептегі қиындықтар психиканы жарақаттайтын фактор ретінде көрініп, оқушының эмоционалды жағдайының өзгеруіне әкеп соғады. Мектеп өміріндегі кез келген қанағаттанбаушылық біртіндеп оның үлгеріміне әсер етіп, жүйке-психологиялық денсаулығының төмендеуіне әкеледі.

Баланың мектепке келгенде ерекше өзгешелігі оның мінез-құлқында көрінеді. Сондықтан бейімделу процесін зерттеу үшін бағытталған бақылау әдісін қолдандым. Осы мақсатпен баланың мектептегі іс-әрекетінің әр түрлі

аспектілерін бейнелейтін бақылау схемасын өңдеп шығардым. Онда: оқу белсенділігі, білімді меңгеруі, сабақтағы, қоңыраудағы мінез-құлқы, сыныптастары және мұғаліммен қарым-қатынасы, эмоционалды көріністері анықталады. Жаңа орта талаптарына бірінші сынып оқушысының мінез-құлқының сәйкес келу жетістіктері икемделудің нәтижелілігінде көрініп, бейімделу мерзімін белгілейді.

Алынған материалдың талдауы балаларды үш топқа бөлуге мүмкіндік береді. Бірінші топ құрамында отыз төрт оқушы бар, бейімделу аз уақытта және шиеленіссіз өтті. Олар үшін интеллектуалды қызметтің жақсы дамуы мен мектептік тәртіп нормаларын меңгеруге лайықты. Бұл топтағы балалардың көпшілігі тұлға типінің тұрақтылығымен, көпшілдігімен, адалдығымен, эмоционалдықтың бір қалыптылығымен және өзін бақылау дәрежесінің жоғарылығымен сипатталады. Ал екінші топқа отыз сегіз бала бейімделудің кешеуілдігімен бөлінеді. Психологиялық тексерулер жүргізгенде, оларда жағымсыз тұлғалық қасиеті бар екендігі белгілі болды: алаңдаушылық, шиеленіс, өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі. Осы топтағылардың жартысынан көбінде интеллектуалды қызметі динамикасының бұзылулары бар болды. Үшінші топта оқу жылының соңына дейін мектепте бейімделмеген жиырма сегіз бала бар. Оларда сабақ үлгерімі төмен, жаман жұмыс жасауы, өзіне сенімділігінің жоқтығы, алаңдаушылық, шиеленіс, яғни эмоционалды дискомфорт байқалады. Осы топтың бір бөлігі жоғары моторлы қозғалтқышпен, танымдық қызығушылықтың төмендігімен сипатталады.

Негізгі көңіл мектепке бейімделу қиындығын сезінген бірінші сыныптағыларға (2-3-топтағы балалар) бөлінеді. Зерттеулер көрсеткендей, онтогенез процесінде балаларға әсер ететін әлеуметтік және биологиялық жарамсыз факторлардың болуымен, әртүрлі қиындықтардың себебі болып көбінесе психологиялық дамудың жетіспеулігі екендігі белгілі болады.

Мектеп өміріндегі кез келген қанағаттанбаушылық біртіндеп оның үлгеріміне әсер етіп, жүйке-психологиялық денсаулығының төмендеуіне әкеледі. Мектеп психологінің бастауыш сыныптар мен жұмысындағы маңызды орын, көбінесе мектеп бағдарламасын меңгере алмайтын, үлгерімі нашар балаларға бөлінеді. Үлгермеушілік себептері әртүрлі болып келеді.

1. Ақыл-есі кем, психологиялық дамуы тежелген балалар кез келген сыныпта кездеседі, оларға ыңғайлы бап табу үшін психолог психоневрологпен немесе дефектологпен кеңесіп алуы керек.

2. Дефектологиялық және патопсихологиялық кемістігі бар балалар;

3. Балалардың орталық жүйке жүйесінің зақымдануы сөйлеудің, санаудың, маториканың, ақыл-ойдың бұзылуына әкеліп соғады.

4. Ақыл-ой енжарлығына ұшыраған балалар да психологтың зейін бөлуін қажет етеді.

5. Денсаулығы нашар балалар тез шаршайды, ұйқылары бұзылады, ызақор болады, осының бәрінің оқу үрдісіне кері әсерін тигізеді.

Оқудағы қиындық төменгі сынып оқушыларына еркіндік дамуының жетіспеушілігінен, оқу іс-әректің қажетті элементтерінің

қалыптаспағандығынан, сонымен қатар ес, зейін деңгейінің төмендігінен, кейбір жеке ауытқушылықтардан пайда болуы мүмкін.

Мектеп психологі мұндай қиыншылықтарды жеңе білу барысында психологиялық шаралардың арнайы жүйесін құрастырып, оларды қолдануда және іске асыруда басшылық жасауы тиіс.

Білімнің мазмұнына білімдер, біліктер мен машықтар ғана емес, сонымен қатар бағалауға келмейтін шығармашылық әрекет тәжірибесі мен тұлғалық қатынастардың қалыптасуы да кіретін болғандықтан, үлгермеушілікті қанағаттанғысыз бағалармен теңестіруге болмайды. Үлгермеушілік оқушылардың жалпы мәдениеті мен тәрбиесіндегі елеулі кемшіліктермен байланысты неғұрлым кең көлемді құбылыс.

Үлгермеушілік мектептегі оқытуды дараландыру үшін жағдай жасаудың қиындығынан туындайтын, қазіргі мектептің ең өзекті проблемаларының бірі.

Артта қалушылықтың кейбір ортақ белгілерін саралауға болады (бұл белгілер дидактикада оқу пәндері типтері бойынша топтастырылған).

Мұндай диагностика сабақтағы жұмысы мен эмоциялық реакцияларын бақылаудың әртүрлі әдістері қолданылады. Кейін қалушылық байқалғанда, мұғалім оқушыға жеке консультациялар беріп, топтармен қосымша сабақтар өткізіп, жақсы оқитындардың жәрдемін ұйымдастырып көмектесе алады. Мұндай көмекпен қатар, мұғалім кейін қалушылыққа себеп болған жағдайларға талдау жасайды. Алайда, мұндай жағдайлар оқушы тап болатындай қиыншылыққа педагог тарапынан жете назар аударылмауының салдарынан да болуы мүмкін. Көптеген оқушылардың артта қалушылығын саралап оқытудағы кемшіліктерден, оқушылардың мүмкіндіктері мен мүдделерінің жете ескерілмеуінен, бағдарламалардың мазмұнының көлемі мен күрделілігінің оны игеруге бөлінетін уақытқа сәйкес болмауынан туындайды. Мұғалімнің жұмысында бұған себеп болатын жағдайлар оқыту әдістемесінің босандығына, оқытуда қолданылатын ұйымдастыру нысандарының бірсарындылығына, оқушылардың шығармашылық күштері мен танымдық мүдделері дамытуға көңіл бөлінбеуіне, сондай-ақ педагогтың білігінің жетімсіздігіне, кейбір жағымсыз қасиеттеріне байланысты болады.

Үлгермеушілікті оқушыларды зерделеу, олардың қызметіне талдау жасау, үлгермейтін оқушылар типологиясын саралау негізінде жеңуге болады.

Бұған арналған педагогикалық әдебиеттерде үлгермеушіліктің себептерін талдауға және жіктеуге барынша назар аударылған. Үлгермеушілікті жою үшін жекелеп оқыту сабақтары, оқу тапсырмаларын жеке-жеке кезеңдерге бөлу, сауалнаманың ерекше шарттары, қосымша сабақтар қолданылады.

Сондай-ақ 2-3 пәннен жылдық бағалары қанағаттанғысыз оқушыларды келесі сыныпқа шартты түрде көшіру қолданылады.

### **Зерттеулер үлгермеушілік себептерінің үш тобын анықтады:**

1. Әлеуметті-экономикалық – отбасының материалдық жағынан қамтамасыз етілмеуі, отбасындағы төмен жағдай, яғни алкоголизм, ата-аналардың педагогикалық жағынан сауатсыздығы, білімсіздігі. Балаларға жалпы қоғамның кері әсері жағдайы, бірақ, көбінесе отбасы жағдайы үлкен әсер етеді.

2. Биопсихикалық – бұл тұқымқуалайтын қасиеттер, мүмкіндіктер, мінез-құлық ерекшеліктері. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, тәрбие және отбасы жағдайы, әлеуметтік ортаға байланысты денсаулықтары жақсы болып туған сәбилердің барлығында даму мүмкіндіктері бірдей.
3. Педагогикалық кемшіліктер – мектептің жұмыс деңгейінің төмендігінде педагогикалық орынсыз қателердің нәтижесі болып табылады. Оқыту, мұғалімнің кәсіби әрекеті, баланың дамуында жетекші фактор. Диактогения – мұғалім жұмысындағы дөрекі қателер. Бұл жағдайда психотерапевттің араласуынсыз болмайды.

Зерттеулер арқылы оқу процесі барысындағы нақты үлгермеушілік себептерін атап өтуге болады:

- Қатаң түрде білім беру жүйесі, баланың қажеттілігіне сай келмейтін, барлығына бірдей білім мазмұны;
- Оқыту формаларын, әдістерін таңдаудағы бірізділік, білім беруде көңіл-күйді ескермеу, оқытудың эмоционалдық әсерінің төмендігі;
- Оқытудың нақты мақсаттарын белгілей алмау және қорытындыларға тиімді бақылаудың болмауы.
- Оқушының дамуында деген селсоқтық, жайбарақаттық, бос жаттанды сөзге жүгіну;

Қорытынды: мұғалімнің дидактикалық, психологиялық, әдістемелік деңгейінің төмендігі оқытуда сәтсіздікке ұшыратады.

Тұрақты түрде жоғары үлгерімдегі оқушылар өздерінің жеке ерекшеліктері бар екені байқатады. Олардың өз жасына сай білім қоры мол, білім құрылымына кіретін ой-өрісінің сапасы жоғары. Осылардың нәтижесінде олар жаңа алған білімдерін жылдам, тез меңгере алады және ол білімдерді іс жүзінде өздігінше қолдана алады. Көбінесе үлгерімі жоғары оқушылар өзін-өзі жақсы бағалайды, кейбір жағдайда мектептегі жоғары жетістіктері мен қоршаған ортаның мақтауының нәтижесінде өзі-өзін асыра, жоғары бағалау да кездеседі. Мұндай оқушылар басқаларға қарағанда белсенді ой еңбегінен аз шаршайды. Осы жағымды факторлар бәрі бірігіп, оларға үлкен жетістіктерге жетуді қамтамасыз етеді.

Тұрақты түрде үлгерімі төмен оқушыларды зерттей отырып, басқаша мәліметтер алынды. Бұл жерде дамудың жеке варианттарының көп түрлілігі байқалды. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әртүрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әртүрлі себептері бар екенін көрсетеді.

Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ой әрекетінің жеке бастық параметрі қалыптаспаған, білім қоры аз, жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған.

Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау қажет.

Таным әрекетінің нәтижелілігі – ақыл-ой әрекетінің даму дәрежесіне байланысты. Оның негізгі компоненттерінің қалыптаспауы үлгерімнің төмен болуының басты себебі болып табылады.

## 1.1 Үлгермеушілікті болдырмаудың құралдары, жолдары

Жиі кездесетін бейімделу кезіндегі қиындықтардың пайда болу себебіне әлеуметтік-педагогикалық бетімен кетушілік факторы жатады. Бұл бетімен кетушіліктің дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін және ол отбасындағы психологиялық жағдайға байланысты. Ата-аналарда білім деңгейі төмен болған кезде, бірінші кезекте баладағы танымдық сфераның қалыптасуы зардап шегеді. Мұндай балалар білім қорының аздығымен, ой-өрісінің тарлығымен көрінеді. Олар тапсырмаларды орындай алмай, салыстыру дағдысын талап ететін, жалпылау, әр түрлі өмірдегі жағдайларға бағытталу, заттар мен құбылыстарға дәлме-дәл анықтама беру сияқтыларды талап ететін Д.Векслер әдістемесі бойынша тапсырмаларды орындай алмайды. Мұндай балалардың жетіспеушілігі – вербалды сферасының қалыптаспағандығы болып тұр. Сонымен бірге олар талаптанғыш, адал, мектеп ережелерін жақсы орындайды, эмоцианалды бір қалыпты. Осы оқушылардың тәрбиесіндегі басты қателік: мектепке дейінгі жаста интеллектуалды дамуы үшін стимулдары жеткіліксіз болған. Олардың өмірлерін ұйымдастырғанда бәрінен бұрын практикалық іс-әрекет жағымды бағаланады. Ата-аналардың берген жоғары бағасы өзіне сенімділігін, ұқыптылықты, адалдылықты қалыптастырып, бірақ ең маңыздысы – танымдық сферасы жүзеге аспай қалып қояды.

Отбасындағы мәдени деңгейдің төмендігінен, баладағы психологиялық дамудың кешеуілдеуінен мұндай балалар мектепке үлгермейтін топтағы оқушыларға шарасыз енеді. Оқу материалын меңгерудегі пайда болған қиындықтар олардың толығымен бейімделу жолдарына кедергі жасайды. Мұндай балалар мектепке келгенде оқу сабақтарына үлкен қызығушылықпен қарап, мұғалімді көңіл қойып тындайды, қажетті білімді игеруге тырысады, яғни, мектептік мотивацияның жоғарылығымен сезімді қарым-қатынасы оларда пайда болған қиындықтарды жеңуге көмектесіп, біртіндеп мектепке бейімделе бастайды, бірақ та басқа бірінші сыныптастарына қарағанда, бейімделуі ұзақ мерзімде жүреді.

Баланың мектепке бейімделу қиындықтарының пайда болуына әкелетін факторлар, яғни, жағымсыз тұлғалық сапаның қалыптасуы бәрінен бұрын тәрбиелеу амалының дұрыс еместігінен көрінеді. Мұндай балалардың ата-аналарының білім деңгейлері жоғары болуы мүмкін. Бірақ та оларда балаға жағымсыз әсер ететін ата-аналарының арасындағы дау-дамайлы қарым-қатынас бар. Балалардың әрқашан үрейлі, қорқынышты жағдайда болуы тұлғаның эмоцианалды, бір қалыпты емес типінің қалыптасуына әкеліп соғады: оларға алаңдаушылық, шиеленіс, әлеуметтік жасқаншақтық, өзіне деген сенімсіздік сияқты сапалар тән.

Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады және оның алдын алуға, күресуге болады. Нашар бағаға әкеп соқтыратын оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, мектепшілік бақылаудың мерзімді жүрмеуінде, санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуында жатыр. Бұлардың ішіндегі негізгілер мыналар:

1. жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды тиісінше түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі;
2. үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластыру және тыңғылықты тексерудің болмауы;
3. мұғалімдердің өз оқушыларын дұрыс білмеуі, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау;
4. мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы, мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің, әлеуметтік ортақ жұмыс жүргізбеуі;
5. тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың сабақтағы нашар тәртібі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға нақтылы және тиісті шара қолданбауы;
6. бағалаудағы біржақтылық;
7. оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастықтың болмауы;
8. сабақ қалдыру, оқушының ауырып қалуы, т.б.

Ең алдымен, меңгеруші мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмысымен танысуы керек. Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатында мектепте педагогикалық басқосулар, семинар, тренингтер өткізуі тиіс. Олардың тақырыптары: «Нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушыларға білім беру үрдісін белсендіру», «Үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі педагогикалық ұжымның іс-әрекеті» т.с.с. Бұл шараларда оқушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып, пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептері айқындалуы және жеке оқушыны оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстар оқушы үлгермеушілігінің себептерін білуге, алдын алуға бағыт береді, көмектеседі. Сондықтан біздің мектеп тәжірибесінде қалыптасқан үлгермеушілікпен жұмыс үлгілерін ұсына кеткенді жөн көріп отырмын.

Үлгермеушілікті болдырмауда бірқатар жұмыстар жүргізілуі тиіс. Дифференциалды, жеке дара түрде жүйелі ұйымдастырылған дидактикалық шаралар, әр оқушының жас және жеке ерекшеліктерінің ескерілуі. Үлгерімді жақсарту, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жөнінде сөз қозғалғанда, оқытудың түрлі әдістерін қолдануға әбден болады, оқушыларды білім деңгейлеріне байланысты коррекциялық сыныптарға топтастыру, топтастыруда қабілеттерін, қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктерін және т.б. ескеру керек.

Үлгермеушілік кешенді проблема – оның шешілуі де кешенді түрде өтуге тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімеушілік себептерін жоюда мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және мұғалімдердің психологиялық білімдерін арттыру сабақтың мақсаты саналады.

**Үлгермеушілікті болдырмау жолдары төмендегідей:**

**1. Педагогикалық профилактика** – оптимальды педагогикалық жүйені іздестіру, сонымен қатар оқытудың белсенді әдістері мен формаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, мәселелік және бағдарламалық оқытуды, компьютеризацияны қолдану. Бұл туралы Ю.Бабанский оқыту-тәрбие үрдісін белсендіру концепциясын ұсынды. АҚШ-та оқытудың дараландыру, автоматтандыру, психологиялық жақтарын күшейту қарастырылған.

**2. Педагогикалық диагностика.** Диагностика әдістері: мұғалімнің оқушымен, ата-аналармен әңгіме жүргізу, үлгерімі төмен балаға бақылау жасау, оны арнайы журналға белгілеу, тесттер өткізу, қорытынды анализ жүргізу, анықталған қателіктер бойынша жалпы кестелік қорытынды шығару. Консилиум – үлгермейтін оқушылардың педагогикалық, дидактикалық мәселелері шешуде, мұғалімдердің кеңес құруы. Үнемі педагогикалық диагностика жүргізу, білімді тексеру, саралау, талдау Ю. Бабанский ол үшін педагогикалық консилиум ұйымдастыруды ұсынды.

**3. Педагогикалық терапия** – оқыту үрдісінде үлгермеушілікті жою шаралары. Бұл мақсатта ТМД елдерінде қосымша сабақ өткізіледі, шетелдерде түзету топтары құрылған. Түзету топтарының ерекшелігі сабақтар қатаң диагностиканың нәтижесінде өткізіледі, топпен оқыту да, жеке оқыту да қолданылады. Ол үшін арнайы оқытатын мұғалімдер тағайындалады, сабақтарды өткізу міндетті болып саналады.

**4. Тәрбиелік ықпал жасау.** Үлгермеушіліктің басты себептерінің бірі – тәрбиеде жіберілген кемшіліктер, сондықтан әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізілуі керек, ондай оқушылардың ата - анасымен де. Үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін педагогикалық, психологиялық жұмыстардың бөлігі болып табылады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Үлгермеушілік мектептегі оқытуды дараландыру үшін жағдай жасаудың қиындығынан туындайтын, қазіргі мектептің ең өзекті проблемаларының бірі.

Кейін қалушылық байқалғанда, мұғалім оқушыға жеке консультациялар беріп, топтармен қосымша сабақтар өткізіп, жақсы оқытындардың жәрдемін ұйымдастырып көмектесе алады. Мұндай көмекпен қатар, мұғалім кейін қалушылыққа себеп болған жағдайларға талдау жасайды. Алайда, мұндай жағдайлар оқушы тап болатындай қиыншылықтарға педагог тарапынан жете назар аударылмауының салдарынан да болуы мүмкін. Көптеген оқушылардың артта қалушылығы саралап оқытудағы кемшіліктерден, оқушылардың мүмкіндіктері мен мүдделерінің жете ескерілмеуінен, бағдарламалардың мазмұнының көлемі мен күрделілігінің оны игеруге бөлінетін уақытқа сәйкес болмауынан туындайды. Мұғалімнің жұмысында бұған себеп болатын жағдайлар оқыту әдістемесінің босандығына, оқытуда қолданылатын ұйымдастыру нысандарының бірсарындылығына, оқушылардың шығармашылық күштері мен танымдық мүдделерін дамытуға көңіл бөлінбеуіне, сондай-ақ педагогтің білігінің жетімсіздігіне, кейбір жағымсыз қасиеттеріне байланысты болады. Үлгермеушілікті оқушыларды зерделеу,



олардың қызметіне талдау жасау, үлгермейтін оқушылар типологиясын саралау негізінде жеңуге болады.

Қазіргі кезде барлық аймақтарда жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу және оқыту деңгейіне жауапкершілікке байланысты күрделі міндеттер шешіліп жатыр. Үлгермеушіліктің алдын-алу – практикалық және теориялық педагогиканың басты міндеті болып табылады. Үлгермеушіліктің аспектілері бойынша психология, педагогика, дефектология ғылымдары саласында зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының үлгермеушілік деңгейінің саны артып келеді. 100 пайыздық көрсеткіш талап етілмегендіктен, әрбір мектеп бұл проблеманы өз қалаулары бойынша шешуде. Үлгермеушілікке байланысты нақты жүйе және басты бірыңғай стратегия жасалмаған. Бірақ үлгермеушілік себептері және олардың алдын алу жалпы үлкен проблема болып қалады.

Үлгермеушілік оқытушылардың басты өзекті мәселелерінің бірі. Бұл проблеманы шешу үшін әлемдік мектептер тек екі жолын қарастырады:

- Сәтсіздікке ұшырған мектеп оқушылары төмен талаптары белгіленген бағдарламалары бойынша келесі сыныпқа көшіріліп оқытылады.
- Сол сыныпта екінші жылдыққа қалдырылып, сол жылғы оқу бағдарламасын қайталайды.

Үлгермеушіліктің бірінші жолы бізде қолданылып зерттелінбейді, ал екінші жолы болса педагогикалық – психологиялық – экономикалық жағынан тиімді емес болып саналады.

Үлгермеушілік мектеп қызметінің күрделі және көпжақты құбылысы, оны әр салада терең зерттеу қажет.

Бұл шара оқудың нәтижелері үшін оқушыларды өздерінің және олардың ата-аналарының жауапкершілігін арттыруды көздейді. Шартты түрде көшіру сыныпта екінші жылға қалушыларды азайтуға мүмкіндік береді. Дүниежүзілік тәжірибеде екінші жыл оқу оқушыға пайда бермейтінін, жастардың жалпы білім деңгейін төмендетіп, құлықтық тәлім-тәрбиеге зиян келтіретінін көрсетеді.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе мынадай түйінге келдік:

- Бастауыш сынып оқушыларының үлгермеушілік мәселесін зерттелу жайына теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талдау жасалды;
- Бастауыш сынып оқушыларының үлгермеушілік себептері анықталып, оның негізгі топтары айқындалды;

а) экономикалық – отбасының материалдық жағынан қамтамасыз етілмеуі, отбасындағы төмен жағдай, яғни алкогольизм, ата-аналардың педагогикалық

жағынан сауатсыздығы, білімсіздігі. Балаларға жалпы қоғамның кері әсері

жағдайы, бірақ, көбінесе отбасы жағдайы үлкен әсер етеді.

ә) биопсихикалық – бұл тұқымқуалайтын қасиеттер, мүмкіндіктер, мінез-құлық ерекшеліктері. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, тәрбие және

отбасы жағдайы, әлеуметтік ортаға байланысты денсаулықтары жақсы болып туған сәбилердің барлығында даму мүмкіндіктері бірдей.

б) педагогикалық кемшіліктер – мектептің жұмыс деңгейінің төмендігінде педагогикалық орынсыз қателердің нәтижесі болып табылады. Оқыту, мұғалімнің кәсіби әрекеті, баланың дамуында жетекші фактор. Диактогения – мұғалім жұмысындағы дөрекі қателер.

- үлгермейтін оқышалардың өзіндік типтеріне ғылыми негіздеме жасадық;

- педагогикалық баға және оны бақылау, оның үлгермейтін оқушы тұлғасының қалыптасуына әсерін анықтадық.

- оқы-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушаларының үлгермеушілігін болдырмау жолдарын эксперименттік тәжірибе жұмыстары арқылы зерделедік.

*Осы қорытындылардан кейін бастауыш сынып мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:*

- Қатаң түрде білім беру жүйесі, баланың қажеттілігіне сай келетіндей, барлығына бірдей білім мазмұнын меңгерту;
- Оқыту формаларын, әдістерін таңдаудағы бірізділік, білім беруде көңіл-күйді ескеру, оқытудың эмоционалдық әсерінің жоғары болуы қажет;
- Оқытудың нақты мақсаттарын белгілеу және қорытындыларға тиімді бақылау жасап отыру.
- Кейін қалушылық байқалғанда, мұғалім оқушыға жеке консультациялар беріп, топтармен қосымша сабақтар өткізіп, жақсы оқитындардың жәрдемін ұйымдастырып көмектесу қажет:

Қорытынды: мұғалімнің дидактикалық, психологиялық, әдістемелік деңгейінің төмендігі оқытуда сәтсіздікке ұшыратады.

Бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басшысы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгерумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Сабақтарымда негізге қойған міндетім-оқушылардың үлгерімін жоғарлату. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы балалардың кішкентай кезінен бастап дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу. Бала қиялын дамыту барысында оларды бақылауға, зерттеуге, ойлауға, өзінің болашағын болжауға және қиялдауға итермелейтін ойындар мен тапсырмалар өте ұнайды.

Жақсы ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Сондықтан әдістерді іріктеп алуда нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. Әр оқытушының оқытудағы өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар: *әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну; оқушының бойындағы*

*жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау; оқушыға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.*

Шеберлікпен қолданылған әдіс-тәсілдер оқушы шығармашылығын дамытады, қызықты тапсырма, ойындар көп-ақ. Оларды сабақ барысында қолдануға уақыт жетіспей жатады. Бағдарламаның негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін, қиял- елес белсенділігі , сөйлеу шеберлігін дамыту. Осы мақсатты алға қоя отырып аптасына бір сағат «оқушылардың шығармашылығын, қиял –елесін дамыту» сабағын өткізіп тұрамын.

Оқушы үлгерімі - балалар үшін оқу да, еңбек те. Мұғалім – балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады, үлгерімін жоғарлатуға үйретуші.

Баланың оқу үлгерімін көтеріп, мінез-құлқын қалыптастырып, ой-өрісін өсіріп, ортаға бейімдеп, өзін еркін сезуге үйретуді, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жаңашырлық, достық, жолдастық сезімдерін тәрбиелеуді, балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тілін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сипатын қалыптастыруды қарастырады.